

Дәріс № 3. ҚР стандарттаудың мемлекеттік жүйесі

Дәрістің жоспары:

1. Мемлекеттік стандарттау жүйесін ұйымдастыру құрылымы
2. Стандарттаудың мемлекетаралық жүйесі

Дәрістің мақсаты: ҚР стандарттаудың мемлекеттік жүйесімен таныстыру

Дәрістің мәтіні:

1. Мемлекеттік стандарттау жүйесін ұйымдастыру құрылымы

Техникалық реттеу және метрология бойынша комитет (2005 жылға дейін стандарттау, метрология және сертификаттау бойынша комитет) - Мемстандарт. Өз қызметін өнеркәсіптік және сауда бойынша ҚР Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің ережелеріне сәйкес атқарады. Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің міндеттері мен қызметтері Үкіметтің 2001 жылғы 2 шілдедегі қаулысымен бекітілген:

- сапаны басқару, аккредиттеу, стандарттау, метрология және сертификаттау салаларында ортақ мемлекеттің саясатын жүргізу;
- мемлекеттік стандарттарды халықаралық стандарттармен үйлестіру; Қазақстан Республикасы халықаралық ұйымдарда өкілдік қызмет атқарады;
- стандарттау, метрология және сертификаттау және сапа, басқалар саласындағы қызметті реттеу; құқықтық жақтарды сертификаттау органдары ретінде ак- кредиттеу;
- стандарттау, метрология және сертификаттау, аккредиттеу және сапа басқармасында мамандар дайындауды ұйымдастыру.

Стандарттау жөніндегі органдар мен қызметтер

«Үлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ келесі қызметті атқарады:

- техникалық шарттарды сараптауды дайындауда көмек көрсетеді;
- шетелдік техникалар жөнінде есептік тіркеу;
- құқықтық жаңа ғылыми-әдістемелік және техникалық көмек көрсету;
- қоғамдық тамақтану орнына, автотранспорттық қызметке, өнімге сәйкестік сертификатын беру; сапа жүйесін енгізу бойынша консалтингтік жұмыс жүргізу;
- ИСО 9000 сериялы халықаралық стандарттарға сәйкес кәсіпорындарға сертификат беру;
- қымбат металдан жасалған зергерлік бұйымдар мен олардың қорытпаларын таңбалау;
- қымбат металдар мен тастарға технологиялық сынақ жүргізу.

«Үлттық аккредиттеу орталығы» АҚ қызметі:

- ұйымдар мен өнеркәсіптерге сертификаттау саласындағы аккредиттеуге талпынушыларға сарапшылық баға беру
- сарапшы-аудиторларды дайындау.

«Қазақстанның стандарттау және сертификаттау институты» РМӨ қызметі:

- мемлекеттік стандарттау, метрология және сертификаттау жүйелерін жетілдіру және дамыту, халықаралық талаптарға бейімдеу;
- ақпараттық-технологиялық жетістіктерінің негізінде мемлекеттік стандарттар қорын жобалау мен дамыту; отандық өнімнің бәсекеге қабілеттігін жоғарылату үшін қазіргі сапа басқару жүйелерін енгізу; анықтамалық ақпараттық қамтамасыздандыру, саудадағы техникалық кедергілерді жою;
- стандарттау, сертификаттау және сапа жүйелері саласындағы мамандарды дайындау және біліктілігін көтеру

«Қазақстанның метрология институты» РМӨ қызметі:

- мемлекеттің жүргізіп жатқан өлшеулерді ортақтандыру саясатын ескере отырып, Қазақстан Республикасында метро-логияны дамытуға бағытталған жұмыс жүргізу;
- Қазақстан Республикасында өлшеулерді ортақтандыруды қамтамасыз етудің мемлекеттік негіздерін жетілдіру үшін ғылыми-техникалық, тәжірибелік,

ұйымдастырушылық, әдістемелік жұмыстар жүргізу; Қазақстан Республикасының өлшем бірліктерін құру мен жетілдіру;

- мемлекеттік өлшем бірліктер ортақтандыру жүйесінің заңнамалық және нормативтік негіздерін құру және жетілдіру; халықаралық талаптармен үйлестіру;

- метрология саласында жұмыс жүргізу үшін аккредиттегенде құқықтық жақ өндірісін техникалық зерттеу; Қазақстан Республикасында дайындалатын және импортталатын өлшем құралдарының бекітілген талаптарға сәйкестігін тексеру;

- метрология саласындағы тұтынушыларды, өндірістерді, ұйымдарды нормативтік қамтамасыздандыру;

- метрология саласында мамандар дайындау және білім деңгейлерін көтеру; халықаралық стандарттау ұйымы - ұлттық нормативтік құжаттарды халықаралық талаптармен сәйкестендіруге мүмкіндік береді, ол отандық өндірушілердің әлемдік нарыққа шығуына мүмкіндік береді және ДСҰ-ға кірудің міндетті шарты;

- халықаралық метрологиялық заңнамалық ұйым (МОЗМ), ол ережелер мен үрдістерді халықаралық ұйымдар мен басқа мемлекеттің ұлттық жүйесімен, нұсқауларымен үйлестіруге мүмкіндік жасайды, ол өз кезегінде осы саладағы жұмыстардың нәтижелерін өзара қабылдауға көмек тигізеді.

Стандарттау бойынша техникалық комитеттер

Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер мемлекетті органдардың және мүдделі тараптардың ұсыныстары бойынша салааралық деңгейде стандарттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін экономика салаларында құрылады.

Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің құрамына мемлекеттік органдардың және мүдделі тараптардың өкілдері кіреді.

Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің құзыретіне:

- 1) бекітіліп берілген объектілер және қызмет бағыттары бойынша мемлекеттік техникалық реттеу жүйесін дамытудың негізгі бағыттарын айқындау жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

- 2) мемлекеттік стандарттарды және техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін, халықаралық, өңірлік, ұлттық стандарттар мен шет мемлекеттердің техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін және оларға енгізілетін өзгерістерді әзірлеуге және оларға сараптама жасауға белгіленген тәртіппен қатысу;

- 3) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесін дамыту бағдарламаларына техникалық регламенттер мен мемлекеттік стандарттарды әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындау жатады.

Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің құрылу, жұмыс істеу, таратылу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

2. Стандарттаудың мемлекетаралық жүйесі

1992 жылдың 13 наурызында стандарттау саласында «Келісілген саясатты жүргізу туралы» ТМД елдерінің Келісіміне қол қойылып, мемлекетаралық стандарттау жүйесінің негізі қаланды. Бұл құжат бойынша мыналар танылды: қолданылып жүрген мемлекеттік стандарттар мемлекетаралық стандарттар ретінде, бұрынғы КСРО эталондың базасы ортақ мүлік ретінде, стандарттау, сертификаттау және метрология жүйелерін өзара тану үшін екі жақты келісімдердің қажеттілігі. Мемлекетаралық деңгейде стандарттау, сертификаттау және метрология бойынша мемлекетаралық кеңес құрылды. Оның негізгі функциялары: стандарттау саласындағы қызметтің басты бағыттарын айқындау; мемлекетаралық стандарттардың жобаларын бекіту, стандарттау саласындағы жұмыстардың негізгі бағыттарын және оларға қажетті шығынның сметасын талқылау және қабылдау. Кеңестің қабылдаған шешімдері оған өкілдері кірген мемлекеттерге міндетті. Келісімге қатысқан ТМД елдерінің стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі ұлттық органдардың басшылары мемлекетаралық кеңестің мүшелері болып табылады. Мемлекетаралық жұмыстың негізгі органы - стандарттың, метрология және

сертификаттау жөніндегі Минск қаласында орналасқан бюросы. Қалыптасқан дәстүр бойынша кеңестің жиналыстары Келісімге енген елдердің әрқайсысында кезектесіп өткізіліп отырады. Мемлекетаралық кеңестің жұмысы арқасында КСРО- да қолданылған нормативтік құжаттар қоры мен эталондық база (шамамен 25 мың мемлекеттік, 40 мың салалық стандарттар, 35 техникалық-экономикалық ақпаратты жіктегіштер, 140 физикалық шамалар өлшемдерінің метрологиялық эталондары) сақталып қалды. Қазіргі уақытта ТМД елдерінің ұлттың сертификаттау жүйелерін өзара тану үдерісі толығымен аяқталды. Мемлекетаралық кеңестің жұмыс органы - мемлекетаралық техникалық комитеттер. Олар мемлекетаралық стандарттарды әзірлейді және мемлекетаралық стандарттау саласындағы басқа да нақтылы жұмыстарды жүргізеді. Мемлекетаралық стандарттар және оларға енгізілетін өзгерістер кеңес шешімімен қабылданады, ал кеңес жиналыстары жылына екі рет өткізіледі. Бес жылда (1992-1997 жж.) Кеңестің шешімімен 2500 нормативтік құжаттар қабылданды. Олар негізінде міндетті сертификаттауға жататын өнімдерге техникалық талаптарды белгілеу бағытталған. Қабылданған стандарттар халықаралық стандарттармен үйлестірілген, яғни ТМД елдерінің дүниежүзілік нарыққа шығуына мүмкіндік туғызады. Мемлекетаралық кеңестің атқарып отырған нәтижелі жұмыстарын бағалай отырып, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ИСО) оны стандарттаудың халықаралық аймақтық мекемесі ретінде таныды.

- Стандарттау, метрология және сертификаттаудың халықаралық сипатына байланысты, стандарттау арқылы шешілетін Келісімнің

- мемлекетаралық мүдделерді көрсетін өнімдермен және басқа талаптардың сәйкестігін және өзара ауыстырымдылығын қамтамасыз ету;

- әлемдік тауар нарығындағы Келісімге қатысушы мемлекеттердің өнім бәсекелестігін күшейту әрекетін көтеру, өндірістегі және саудадағы техникалық кедергілерді жою;

- келісімге қатысушы мемлекеттердегі табиғи және техногенді апаттар және басқа төтенше жағдайлар туындаған кездегі шаруашылық нысандарының қауіпсіздігін күшейту.

Мемлекетаралық стандарттау жұмыстары төмендегі принциптер негізінде жүргізіледі:

- келісімге қатысушы барлық мүдделі мемлекеттердің, өзара алмасатын өнімнің сапасымен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайына, ортақ жетістікке ұмтылыс;

- келісімге қатысушы барлық мемлекеттерде қолдануына ғылым, техника, озық тәжірибе жетістіктеріне сәйкес және әлеуметтік, экономикалық, техникалық қажеттілікті және лайықты мемлекетаралық стандарттарды жасау үйлестігі;

- халықаралық және аймақтық стандартпен мемлекетаралық стандарттардың өзара үйлесімділігін және оларды өнім, процесс (жұмыс), қызмет түрлерін сертификаттау үшін қажеттілік мақсатында қамтамасыз ету.

Оқыту әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ-жауап, түсіндіру, шолу лекция

Деңгейлік тапсырмалар:

1. Мемлекеттік стандарттау жүйесін ұйымдастыру құрылымын түсіндіріңіз.
2. Стандарттаудың мемлекетаралық жүйесін түсіндіріңіз.

БӨЖ және ОББӨЖ тапсырмалары: Өнімді сертификаттау схемалары (сұлбалары) және дамыған елдерде стандарттаудың қалыптасуы

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Мендебоев, Т. М. Стандарттау, метрология және сертификаттау. Алматы. Дәуір, 2011. - 368 с. - ISBN 978-601-217-198-3
2. А.И. Аристов, Т.М. Раковщик. Основы метрологии, стандартизации и сертификации: учебное пособие /. – М., МАДИ 2013. –200 с.

3. Ж.Ж. Есенкұлова, Ж.Ж. Аканова, А.М. Касенова. Стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері: Оқу құралы / Алматы: Экономика, 2014.-284 б.
4. Журавлева Н.Ю., Кирюшин С.А. Стандартизация, метрология, подтверждение соответствия: Учебно-наглядное пособие / Нижний Новгород: Национальный исследовательский Нижегородский государственный университет им. Н.И. Лобачевского, 2018. - 62 с.
5. Е.В.Кравченко, Ю.К.Кривогузова, И.П.Озерова.Метрология, стандартизация и сертификация. Учебное пособие. Томский политехнический университет. - Томск: Изд. Томского политехнического университета, 2013. -172с.